

https://doi.org/10.51176/JESP/issue_4_T9
MPHTI: 06.51.25
JEL: F13, F16

Қазақстанның Орталық Азия елдерімен экономикалық ынтымақтастығына Қытайдың әсері

Л.А. Медуханова, Ж.А. Сериева

әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті

Түйін

Қазіргі уақытта Қытай ірі экономикалық держава ретінде аймақтық және халықаралық өзара іс-қимылдың әртүрлі аспектілері бойынша көршілес елдерге күшті әсер етеді: әскери жоспар мәселелерінен бастап экономикалық ынтымақтастыққа дейін. Осы аймақтардың бірі Орталық Азия (ОА) болып табылады, ол соңғы онжылдықта өзінің, ең алдымен, сыртқы экономикалық стратегиясын іске асыру аясында ҚХР жоспарлары үшін маңызды объект болды. Қазақстан, өз кезегінде, өз экономикасы бойынша ең ірі ОА елі бола отырып, осы өңірдің басқа елдерімен: Өзбекстанмен, Қырғызстанмен, Тәжікстанмен және Түрікменстанмен өңірлік экономикалық ынтымақтастықты дамытуға бағытталған. Бұл ретте ОА-ның барлық елдерінің және ең алдымен, Қазақстанның экономикасы ҚХР-ның олармен өзара іс-қимыл жасауға бағытталған жобаларының күшті ықпалында. Осы жобалардың ішінде оған байланысты Азия инфрақұрылымдық инвестициялар банкі, Жібек Жолы Қоры және т. б. құрылған «Бір белдеу-бір жол» жобасы маңызды орын алады.

Мақаланың мақсаты – ОА-дағы Қытай жобаларының Қазақстанның ОА аймағы бойынша көршілес елдермен экономикалық ынтымақтастығын дамытуға әсерін анықтау.

Қойылған мақсатқа жету үшін зерттелетін тақырып бойынша шетелдік және отандық басылымдарды талдау, Қытай мен Орталық Азия елдерінің экономикасын және сыртқы саудасын сипаттайтын статистикалық деректер сияқты аналитикалық және статистикалық зерттеулер әдістері пайдаланылды.

Қытай қазіргі уақытта Орталық Азия елдері экономикасындағы және әсіресе Қазақстан үшін ірі ойыншы бола отырып, Қазақстанның Орталық Азияның басқа елдерімен стратегиялық экономикалық ынтымақтастығына оң да, теріс те қосымша ықпал етеді.

Түйін сөздер: Қазақстан, Орталық Азия, Қытай, аймақ, сауда қатынастары, инвестиция.

Влияние Китая на экономическое сотрудничество Казахстана со странами Центральной Азии

Аннотация

В настоящее время Китай в качестве крупнейшей экономической державы оказывает мощное влияние на соседние по региону страны по различным аспектам регионального и международного взаимодействия: от вопросов военного плана до экономического сотрудничества. Одним из этих регионов является Центральная Азия (ЦА), ставшая в последнее десятилетие важным объектом для планов КНР в свете реализации своей, прежде всего, внешнеэкономической стратегии. Казахстан, в свою очередь, являясь самой крупной по своей экономике страной ЦА, также нацелен на развитие регионального экономического сотрудничества с другими странами данного региона: Узбекистаном, Кыргызстаном, Таджикистаном и Туркменистаном. При этом экономика всех стран ЦА, и прежде всего Казахстана, находится под сильным воздействием проектов КНР, направленных на взаимодействие с ними. Среди данных проектов важнейшее место занимает проект «Один пояс – один путь», созданный в связи с ним Азиатский банк инфраструктурных инвестиций, Фонд Шелкового пути и др.

Цель статьи – выявление влияния проектов Китая в ЦА на развитие экономического сотрудничества Казахстана с соседними по региону ЦА странами.

Для достижения поставленной цели использованы такие методы аналитических и статистических исследований, как анализ зарубежных и отечественных изданий по исследуемой теме, статистические данные, характеризующие экономику и внешнюю торговлю Китая и стран Центральной Азии.

Китай, являясь в настоящее время крупным игроком в экономике Центральноазиатских стран и особенно Казахстана, оказывает дополнительное как положительное, так и негативное влияние на стратегическое экономическое сотрудничество Казахстана с другими странами Центральной Азии.

Ключевые слова: Казахстан, Центральная Азия, Китай, регион, торговые отношения, инвестиции.

China's influence on Kazakhstan's economic cooperation with Central Asian countries

Abstract

Currently, China, as the largest economic power, exerts a powerful influence on neighboring countries in the region on various aspects of regional and international interaction: from military issues to economic cooperation. One of these regions is Central Asia (CA), which has become an important target for China's plans in the last decade in the light of the implementation of its foreign economic strategy. Kazakhstan, in turn, being the largest economy in Central Asia, is also aimed at developing regional economic cooperation with other countries in the region: Uzbekistan, Kyrgyzstan, Tajikistan and Turkmenistan. At the same time, the economy of all Central Asian countries, and especially Kazakhstan itself, is strongly influenced by China's projects aimed at interacting with them. Among these projects, the most important place is occupied by the «one belt one road» project, the Asian infrastructure investment Bank, the silk road Fund, etc. created in connection with it.

The purpose of the article is to identify the impact of China's projects in Central Asia on the development of economic cooperation between Kazakhstan and neighboring countries in the Central Asian region.

To achieve this goal, we used such methods of analytical and statistical research as analysis of foreign and domestic publications on the topic under study, statistical data describing the economy and foreign trade of China and Central Asian countries.

China, which is currently a major player in the economy of Central Asian countries and especially for Kazakhstan, has an additional, both positive and negative impact on Kazakhstan's strategic economic cooperation with other Central Asian countries.

Keywords: Kazakhstan, Central Asia, China, region, trade relations, investments

Кіріспе

Қазақстан Орталық Азия (ОА) елдерінің ішінде экономикасы бойынша ең ірі ел болып отыр. Әлемнің басқа елдерімен қатар Қазақстан өз аймағында орналасқан елдермен экономикалық ынтымақтастықты дамытуда. Оның сыртқы саудасында көршілес төрт ОА елдерімен саудасы қазіргі уақытта 5.4% үлеске ие. Қазақстан өз аймағында орналасқан елдермен экономикалық ынтымақтастығын дамытуда. Сауда қатынастарын ары қарай нығайтуымен қатар инвестициялық, қаржы байланыстарын да кеңейту, жалпы алғанда интеграциялық үрдістерді іске асыруы өзекті болып отыр. Қазіргі кезде Қазақстан мен ОА елдерінің арасында экономикалық қатынастарды дамыту жолында сыртқы факторлардың әсерін ескеру маңызды мәселеге айналды. Осы тұрғыдан ең алдымен сыртқы әсер етуші күш ретінде Қытайдың, ОА елдерінде өзінің маңызды жобаларын іске асыруын қарастыру қажет. Әлемдік экономикада өте ірі елдер шағын елдердің өзара қатынастарына үлкен ықпалын тигізетіні әйгілі. Яғни гравитация заңдылығына сәйкес ірі мемлекеттер шағын елдердің экономикасына ықпалын тигізеді. Авторлар Қазақстанның ОА елдерімен экономикалық ынтымақтастығында Қытай жобаларының алатын орны және оның әсері жайында қарастыратын болады.

Өз ықпалының өсуіне қол жеткізген кез-келген мемлекет белгілі бір дәрежеде өзінің күшін немесе әсерін аймақтық және халықаралық деңгейде тигізе бастайды. Қазір Қытай өзінің дамуының жоғарғы деңгейінде және халықаралық субъект ретінде әскери жоспар мәселелерінен бастап экономикалық ынтымақтастыққа дейінгі аймақтық пен халықаралық өзара іс-қимылдың әртүрлі аспектілері бойынша көршілеріне әсер етіп отыр.

Қытай АҚШ-тан кейінгі әлемдегі екінші ірі экономика болып табылады, номиналды ЖІӨ 2019 жылы 14,343 трлн долларды құрайды [1]. Жыл сайынғы жоғары экономикалық өсімнің, кең тұтынудың және өндірістік қуаттылықтың арқасында Қытай әлемдік экономикадағы маңызды ойыншы болып табылады. АҚШ-

пен, Ресеймен және Еуропа елдерімен мықты экономикалық байланыстармен қатар Қытайдың ОА елдерімен қарым-қатынасын асыра бағалау мүмкін емес. Және өз кезегінде барлық мүмкіндіктерді пайдалану шараларын қолдануда. Соның бірі ОА елдерінде өзінің ықпалын орнату үрдісін құрастырып жатыр. Оны Қытай тарапынан ұсынылған жоба арқылы және оны іске асыру мақсатында құрылған ұйымдар арқылы да байқаймыз: Азия инфрақұрылымдық инвестициялар банкі, Жібек жолы қоры, «Бір белдеу және бір жол».

Мақаланың мақсаты – ОА-дағы Қытай жобаларының Қазақстанның ОА аймағы бойынша көршілес елдермен экономикалық ынтымақтастығын дамытуға әсерін анықтау.

Қойылған мақсатқа жету үшін зерттелетін тақырып бойынша шетелдік және отандық басылымдарды талдау, Қытай мен ОА елдерінің экономикасын және сыртқы саудасын сипаттайтын статистикалық деректер сияқты аналитикалық және статистикалық зерттеулер әдістері пайдаланылды.

Әдебиеттерге шолу

Қытай мен ОА елдерінің арасындағы экономикалық және саяси қатынастарына көптеген зерттеушілер өз еңбектерін арнаған. Атап өтетін болсақ, Chen, H., Wu H. [2] Қытай мен ОА-ң бес елі арасындағы аймақтық экономикалық интеграцияның болашағына байланысты зерттеулер жүргізген. Jaborov, S. [3] ОА-ғы қытайлық қарыздар: дамуға көмектесу немесе «жыртқыш несиелеу» Қытайдың «Белдеу және жол» бастамасы және оның ОА-ғы ықпалы туралы айтып өткен. Кучук, З. [4] Қытайдың ОА мен Қазақстандағы энергетикалық саясаты жайында, Параманов, В. Строков, А., Столповский, О. [5], Қытайдың ОА-ғы экономикалық саясатының кезеңдеріне байланысты, Schieck, S. [6] Жібек жолы бойымен қозғалысы, Simoes, A. J. K. & Hidalgo C.A. [7], The State Council [8] сынды еңбектер Қытай мен ОА елдерінің қатынасын тікелей зерттеген.

ОА мемлекеттерінің экономикасын зерттеуге арналған көптеген келесі заманауи авторлардың еңбектері де аталған аймақтың

геостратегиялық жағдайына, ресурстармен қамтамасыз етілуіне және Еуропалық Одақ, Америка Құрама Штаты, Ресей және Қытай сияқты жаһандық экономикалық орталықтармен қатынастары қарастырылады: Boris Z Rumer, Asian Development Bank Institute, OECD және т.б. [9-11].

Қазақстандық зерттеушілердің ішінен ОА мен өзге елдердің қатынастары туралы, ОА мемлекеттерінің әлемдегі орны мен жетекші державалардың осы аймаққа қатысты саясатына арналған Ш.Б. Закиева, С. Кушқумбаев, М.С. Акимбековтің [12-14] және Президенті жанындағы ҚСЗИ-ң ғалымдарының жазған «Орталық Азия 25 жылда: ақпараттық-талдамалық шолу» [15] еңбектерін атап өтуге болады.

Ағымдағы жылдық сәуір айында Қытайда «Орталық Азия бойынша сары кітап 2020» (Yellow Book of Central Asia) жарық көрді. Басылымды ОА-ға мамандандырылған қытай сарапшыларының ұжымы, негізінен Қытайдың Қоғамдық ғылымдар академиясы жанындағы екі зерттеу құрылымынан: Ресей институты, Шығыс Еуропа және ОА, сондай-ақ ШЫҰ зерттеу орталығынан дайындады. Осы еңбекте аймақтық интеграция туралы айта келе, қытай сарапшылары ОА-да елдер қандай да бір серпіліске келе алатынына күмән келтіреді [16].

Аталған еңбектер мен халықаралық ұйымдардың баяндамаларында ОА елдер арасындағы қарастырылған зерттеулер мақала авторларына Қазақстан тұрғысынан өзімен бір аймақта орналасқан мемлекеттермен қатынасында Қытайдың әсері туралы зерттеуге мүмкіндік берді. Осы мақсатта Қытайдың ролінің алғышарттары анықталады, аталған елдермен сыртқы сауда айналымының динамикасы талданады, қазіргі кездегі сауда, инвестициялық салымдар көрсетіліп, ірі державалардың әсерін тиімді пайдалануды дамыту мүмкіндіктері ашылады.

Әдіснама

Зерттеудің негізгі әдістері ретінде жалпы ғылыми аналитикалық әдістерді де, халықаралық қатынастар бойынша зерттеулерді тікелей жүргізуге тән бірқатар әдістерді, соның ішінде жүйелік тәсілге негізделген әдістерді қолданылған. Әдістердің жиынтығы әртүрлі көздер мен аналитикалық материалдарды талдауды, ақпаратты синтездеуді, деректерді салыстыруды қамтиды.

Зерттеу қорытындылары әртүрлі көздерден алынған материалдарға негізделеді. Бірінші кезекте, жалпы құжаттарды, статистикалық деректер (ұлттық деректер базасынан, сондай-ақ Дүниежүзілік банк, ХВҚ

және т.б. сияқты халықаралық институттардың деректер базасынан алынған), материалдар пайдаланылған. Зерделенетін елдердің ішкі және сыртқы саясатындағы оқиғалар бойынша, сондай-ақ олардың екіжақты қарым-қатынастары мен жаһандық басқару институттары шеңберіндегі өзара іс-қимыл мәселелері бойынша неғұрлым өзекті ақпарат алу үшін ғылыми журналдардан, бұқаралық ақпарат құралдарынан мақалалар зерделенді, әртүрлі интернет-көздерден алынған, атап айтқанда, халықаралық ұйымдар сайттарының деректері талданды.

Нәтижелер мен талқылау

ОА елдері арасында Қазақстан салыстырмалы түрде экономикалық дамыған ел, ал Тәжікстанның жан басына шаққандағы ЖІӨ ең төмен болып табылады [17]. Түрікменстан, Өзбекстан мен Қырғызстанның аралық орынға ие. Ал халық саның ескеретін болсақ, Өзбекстан 2019 жылдың соңында 30 миллионнан астам халқы бар ең ірі ел [18].

Қазақстанның көршілес елдермен аймақтық экономикалық ынтымақтастығын зерттеп, оған ықпал ететін үкіметтік бағдарламалардың ролін түсіндіре отырып, Қазақстан мен ОА елдері арасындағы экономикалық қатынастарына Қытайдың сапалық жағынан да, сандық жағынан да салыстырмалы ықпалын талдауға тырысамыз.

Қытай мен ОА елдері, ең бастысы, Қазақстан арасындағы қатынасты посткеңестік кезеңде үш негізгі кезеңге бөлуге болады [5]. Бірінші кезеңде (1992-1995 жылдар) ОА елдері өзгеріссіз Ресейге қатты тәуелді болды және Қытай ОА елдерімен дипломатиялық байланыстарды дамытуға басым назар аударды. Екінші кезең (1996-2001 жж.) Қытайдың ОА аймағына стратегиялық экономикалық қатысуымен сипатталуы мүмкін. Үшінші кезең 2001 жылдың 11 қыркүйегінен кейін басталып, осы күндері жалғасады деп айтылады. Бұл кезең ОА елдерінің Қытайдың сыртқы экономикалық және саяси істеріндегі маңыздылығының артуымен сәйкес келеді. ОА-ның барлық елдері Қытайға тікелей жақын орналасқан, сондықтан Қазақстан, Қырғызстан және Тәжікстанның Қытаймен құрлық шекарасы бар, оның ұзындығы 3000 километрден асады [2]. Сондықтан, алғашқы кезеңдерде ынтымақтастықтың негізгі себебі қауіпсіздік пен тұрақтылық туралы болды.

Посткеңестік кезеңде жаһанданудың жалғасып жатқан үрдісі жағдайында ОА елдерімен аймақтық экономикалық интеграцияның маңыздылығы Қытай үшін айтарлықтай өсті. ОА аймағындағы

Қытайдың экономикалық мүдделеріне әсер ететін бес негізгі аспект бар. Біріншісі-Қытайдың ОА-ғы экономикалық экспансиясын ескеретін сауда. Келесі екеуі көліктік-логистикалық инфрақұрылыммен және оның ОА аудандарында дамуымен байланысты. Төртінші аспект Қытай үкіметі ОА-ғы жаңа жобаларды қолдау үшін ұсынатын банктік несиелер мен инвестициялармен байланысты. Экономикалық қызығушылықтың соңғы бағыты – мұнай, газ және шикізатты тұтынушы ретінде әрекет ететін энергия көздері. Бұл бес фактор Қытай мен ОА елдері арасындағы экономикалық қатынастардың құрылыс блогы болып табылады, бұл Қазақстанның ОА басқа елдерімен экономикалық интеграциясына жанама әсер етеді. ОА елдері көрші елдермен, әсіресе Қытай сияқты мықты экономикалармен екіжақты сауда қатынастарын дамыту экономикалық өсу үшін маңызды мәнге ие. Сауда қатынастарын кеңейту аймақтық экономикалық интеграцияны қалыптастыруға қажетті, бірақ жеткіліксіз қадам болуы мүмкін.

Қытаймен сауда қатынастарын қалыптастыру бірегей сауда мүмкіндіктерін ұсынады, өйткені ОА елдері теңізге шыға алмайды және ірі экономикаларға шектеулі қол жеткізе алады. 1-кесте Қытай мен ОА елдері арасындағы сауда көлемі 2010 жылғы 23968,54 млн АҚШ долларынан 2019 жылы шамамен 32952,69 млн АҚШ долларына дейін ұлғайғанын көрсетеді. Атап айтқанда, екіжақты сауданың басым көпшілігі Қытай мен Қазақстан арасында болды, мысалы, 2019 жылы Қазақстанның үлесіне жалпы сауда көлемінің 45%-ға жуығы тиесілі болды. Тәжікстан мен Түркіменстан Қытаймен сауданың өте ұқсас үлгілерін көрсеткеніне қарамастан, 2011 жылдан бастап Тәжікстан негізінен импорттың төмен құнына байланысты Түрікменстаннан едәуір артта қалды. 1-кестеде көрсетілген сандар елдер бойынша айтарлықтай ерекшеленсе де, соңғы екі онжылдықта Қытайдың ОА елдерінің экономикалық серіктесі ретіндегі жалпы рөлі арта түскенін көрсетеді. Бұл тұжырымды түсіндіретін негізгі қозғаушы күштердің бірі елдер арасындағы экономикалық интеграцияға ықпал ететін әртүрлі аймақтық бастамалар болуы мүмкін.

2003 жылғы 19 қыркүйекте Қытай, Қазақстан, Қырғызстан, Ресей, Тәжікстан және Өзбекстан арасында бірінші кезекте қауіпсіздік пен тұрақтылықты қамтамасыз ету үшін құрылған Шанхай Ынтымақтастық Ұйымы (ШЫҰ) экономикалық интеграция жолындағы алғашқы қадамдардың бірі ретінде қаралуы мүмкін. ШЫҰ Бас хатшысы Владимир Норов «ШЫҰ шеңберіндегі бірлескен күш-


жігеріміздің негізгі басымдықтары сауда-экономикалық ынтымақтастықты дамытуды қамтиды» деп атап өтті. Бұған шекаралық және кедендік реттеуді әлсірету, темір жолдар мен автомобиль жолдарын қоса алғанда, көлік жүйесін жақсарту және еркін сауда аймағына көшу арқылы қол жеткізуге болады. ШЫҰ қолдауымен сауда-экономикалық интеграция үшін күшті экономикалық кеңістік құруға бағытталған көптеген жаңа бастамалар іске асырылды. Алайда, ШЫҰ бірінші кезекте қауіпсіздік мәселелерімен айналысатынын және 2013 жылы Қытай бастаған жаңа бағдарлама негізінен ынтымақтастықтың экономикалық аспектілеріне бағытталған.

2013 жылдың қыркүйегінде Қытай президенті Си Цзиньпин тарихи Жібек жолын қайта құру идеясын ұсынды, ол кейіннен «Бір белдеу бір жол» бастамасы деп аталды [8]. Оның мақсаты-экономикалық ынтымақтастық құру, сауданы дамыту және экономикалық байланыстарды тереңдету. Инфрақұрылымға ауқымды инвестициялармен және Жібек жолын қалпына келтірумен қатар, бұл бағдарлама жаңа инвестициялық жобаларды, автомобиль жолдарын, темір жолдарды құруды, мұнай және газ құбырларын салуды көздейді. Еуразия орталығында бірегей географиялық орны бар Қазақстан бұл жобада геосаяси және экономикалық себептер бойынша шешуші рөл атқарады. «Бір белдеу бір жол» (БББЖ) бастамасы Қазақстанға көлік тарифтері мен биллинг жүйелері есебінен өсу үшін жаңа экономикалық мүмкіндіктер береді. Дегенмен, ең бастысы, БББЖ Қазақстанның ОА-ның басқа елдерімен экономикалық қатынастарына ықпал етеді. Қазақстанның ОА аймағымен ынтымақтастығына Қытайдың салыстырмалы ықпалын бағалау үшін Қазақстанның ОА әрбір елімен екіжақты сауда қатынастарын мұқият зерделеу қажет.

1-кесте. Қытай мен Орталық Азия арасындағы сауда көлемі (млн АҚШ долл.) [19]

Жыл	Қазақстан		Кыргызстан		Тәжікстан		Түрікменстан		Өзбекстан		Барлығы
	экспорт	импорт	экспорт	импорт	экспорт	импорт	экспорт	импорт	экспорт	импорт	
2010	10 121,62	3 962,50	28,25	666,3	446,96	238,17	985,38	553,37	3 079,89	3 886,10	23 968,54
2011	16 291,51	5 021,10	42,04	923,54	493,02	375,13	4 427,52	832,91	3 322,54	4 562,22	36 291,53
2012	16 484,41	7 497,67	61,37	1 210,25	567,97	355,65	7 568,01	1 801,73	2 530,91	4 521,62	42 599,59
2013	14 168,49	8 192,56	38,95	1 432,05	387,51	395,43	8 389,70	1 210,45	2 775,91	5 295,11	42 286,16
2014	9 814,88	7 439,74	32,76	1 200,34	188,11	531,02	8 977,51	1 010,98	2 291,64	5 579,88	37 066,86
2015	5 480,14	5 087,80	35,88	1 029,11	188,58	389,62	7 384,53	862,59	1 940,90	4 304,54	26 703,69
2016	4 228,41	3 668,03	79,7	1 464,96	114,17	373,76	5 248,39	361,41	1 401,80	2 234,23	19 174,86
2017	5 773,39	4 691,96	97,47	1 493,69	169	288,98	6 202,95	403,24	1 590,49	2 700,64	23 411,81
2018	6 239,96	5 380,67	61,23	1 942,29	275,67	312,76	7 659,78	336,55	2 165,60	3 539,51	27 914,02
2019	7 823,41	6 566,47	81,47	1 734,97	302,85	352,1	8 194,05	456,89	2 388,20	5 052,28	32 952,69
Барлығы	96 426,22	57 508,50	559,12	13097,5	3133,84	3612,62	65037,82	7830,12	23 487,88	41 676,13	312 369,75

Қазақстанның сыртқы саудасының үлкен бөлігі Еуропа, Ресей және Қытай елдеріне кетеді. 1-суретте Қазақстанның ОА елдері және Қытаймен сауда қатынастарының салыстырып қарастыратын болсақ, әрине, Қытайдың пайыздық көрсеткіші үлкен. Қытай Қазақстаннан және өзге ОА елдерінен шикізат көзін көптеп алады. Ал Қазақстан мен ОА елдері арасындағы сауданың басым бөлігі дайын тауарлар арасында жүргізіледі. 2009 жылға дейін Қазақстан мен ОА-ның басқа елдері арасындағы сауда көлемі бір қалыпты болды. 2012-2014 жылдар аралығында Қырғызстанмен және Өзбекстанмен екіжақты сауда операцияларының көлемі шамамен 1 миллиард долларға жетті, содан кейін ол күрт қысқарды. Түрікменстан сауда көлемі жағынан Қазақстанмен ең аз тартылған ел болды, ал Тәжікстан тұрақты түрде өсті. ОА елдері арасында тауарлар мен қызметтер ағынын ұлғайту үшін әлі де үлкен мүмкіндік бар және БББЖ жобасы үлкен рөл атқара алады. Бұл жоба елдер арасындағы ынтымақтастықтың жоғары деңгейін талап етеді, бұл өз кезегінде экспорт пен импорттың жеңіл ағымына кепілдік беретін тиімді шекаралық реттеуге әкелуі мүмкін. Мысалы, Себастьян Шик [6] Қазақстан мен Өзбекстанға реформалар жүргізу мақсатында қатты қысым жасалып жатқанын және ынтымақтастықты дамыту үшін осы елдер арасындағы шекарада жаңа реформалар қажет болуы мүмкін деп мәлімдейді. Осылайша, жаңа реформалар табысты іске асырылған жағдайда Қазақстан мен ОА-ның басқа өңірлері арасындағы сауда көлемі жаңа деңгейге көтерілу ықтималдығы бар.



Сурет 1 - Қазақстанның Қытай және Орталық Азия елдерімен сауда айналымының көрсеткіші 2018-2019 жж. [20]


Қытай сонымен қатар, энергетика саласындағы ірі ойыншы болып табылады. 2025 жылы Қытайдың энергия тұтынуы күніне 14200 баррельден асады деп болжануда, олардың 10-900-і импортталады [4]. Тарихи тұрғыдан

алғанда, Қытай мұнайды Шығыс елдерінен импорттауы керек еді, бірақ бұл елдердегі ұзақ қашықтықтар мен саяси тұрақсыздық Қытайдың экономикалық жағдайы үшін үлкен мәселе тудырады. ОА елдері мұнайға, минералдарға, суға, басқа да табиғи ресурстарға бай және тұрақтылық пен географиялық жақындықтың арқасында Қытай үшін стратегиялық тұрғыдан тиімді энергия көзі болып табылады. Екінші жағынан, Қытайға шикізат экспорты ОА елдеріне де пайдалы, өйткені олар өз кезегінде өңделген материалдарды импорттай алады. Осылайша, сауданың өзара тиімді жағдайларында энергетика секторы қазіргі уақытта Қытай мен ОА-ның, әсіресе Қазақстан үшін сауда қатынастарында негізгі рөл атқарады. Қазақстан қазіргі уақытта энергия көздерін толық қуатта өндірмейді. Мысалы, оның табиғи газға бай екенін ескере отырып, Қазақстан тек 906 млрд метрикалық тонна өндіреді, оның басты себебі электр энергиясын өндірудің төмен деңгейімен ұштастыра отырып, өндірістің ескі технологиялары мен құбыр жолдары болып табылады [4]. Қытай бұл секторға белсенді инвестиция салуда және Қытай Қазақстандағы барлық мұнай өндірісінің 30 пайыздан астамын басқарды [3]. ОА елдерінің энергетикалық секторына инвестициялар қысқа мерзімді перспективада көрші елдер арасында салауатты бәсекелестік тудыруы мүмкін, бұл ұзақ мерзімді перспективада өзара тәуелді экономикалық өсу арқылы экономикалық байланыстардың сапасын арттыруға және жақсартуға әкеледі.

Қытайдың ОА елдермен сауда қатынастарымен қатар инвестициялық ынтымақтастықты да дамутуда. Қытай деректері бойынша, 2018 жылы Қытайдан тікелей шетелдік инвестиция ағыны Қазақстанға – \$3,8 млрд, Түркіменстанға – \$1,98 млрд, Өзбекстанға – \$412 млн, Тәжікстанға – \$316 млн, Қырғызстанға – \$47 млн құрады. Бұл ретте, ҚХР-дан Қазақстанға инвестициялардың жалпы көлемі 2013 жылғы \$19,7 млрд-тан 2019 жылы \$14,5 млрд-қа дейін төмендеді. Алайда, бұл инвестициялардың құрылымы айтарлықтай өзгерістерге ұшырады – өңдеу өнеркәсібіне инвестициялар өсті: 2013 жылғы наурыздағы жағдай бойынша (БББЖ әрекетінің басталуы) өңдеуші өнеркәсіпке қытайлық инвестициялар болған жоқ, кейбір қытайлық компаниялар Гонконг арқылы тікелей шетелдік инвестицияларды осы секторға \$694 млн құрады, ал 2019 жылғы шілдеге қарай Қытай Гонконгтан \$698 млн мөлшеріндегі инвестицияларды сақтай отырып, Қазақстанның өңдеуші өнеркәсібіне \$2,16 млрд инвестиция салды [21]. Соңғы жылдардағы Қытайдың ОА елдеріне салған инвестициялары 2-суретте сипатталады.

Аталған инвестициялар бағытын әр ел өз мүддесіне қарай пайдалану әрекетін жасауда. ОА елдерінен Қазақстан, Өзбекстан қытай инвестицияларын өндірістің шикізаттық емес секторларын

дамытуға бағыттауға тырысуда. Тәжікстанда, өз кезегінде, инвестициялардың көпшілігі тау-кен саласын дамытуға бағытталды. Дегенмен, мұндай көптеп салынған инвестициялар болашақта ОА елдерінің Қытайға тәуелділікке әкелуі мүмкін деген «үрей» де бар.



Сурет 2 - Қытайдың ОА елдеріне 2003-2018 жж. аралығында салған инвестицияларының динамикасы, млн долл. [22].

Бүгінгі туындап отырған жағдайда Қытай үшін де, ОА елдері үшін де үлкен өзгерістер болатыны анық. Мемлекеттің экономикасы елдің барлық бос ресурстарын қажет ететін ұзақ қалпына келтіру кезеңіне аяқ басты. Сондықтан бірінші, айқын нәтиже шетелде инвестициялау үшін бос ресурстардың азаюы болады. Мемлекеттің де, жеке бизнестің де қаржылық ресурстары экономиканы тоқтатудың негізгі салдарын жоюға: инфляция мен жұмыссыздыққа қарсы күреске, сондай-ақ өндірісті қалпына келтіруге және ішкі нарыққа бағдарланған дамудың жаңа моделіне қайта құруға бағытталатын болады.

Дегенмен, Қытай өз әрекетін біртіндеп жалғасытуда. 2020 жылғы 16 шілдеде бейнеконференция форматында «Орталық Азия+Қытай» (с+С5) бірінші министрлік кездесуі өтті. Жаһандық пандемия мен экономикалық дағдарыс жағдайында Қытайдың қатысуымен тұрақты жиналыстар мен шаралар әзірлеу (эпидемияны тежеуде және экономикалық өсуді қалпына келтіруде тәжірибе алмасу), әрине, өңір елдерінің өздері үшін қызықты. Қытай үшін бұл жыл басында қайтадан ауқымды сипат алған аймақтағы анти-Қытай ахуалын біршама төмендетуге мүмкіндік береді. Қытай, АҚШ пен ЕО-дан айырмашылығы, ОА-дағы аймақтық ынтымақтастық процестеріне бейімділік

туралы мәлімдемейді. Қытай тіпті аймақтағы қатынастарды екі жақты негізде мақсатты түрде құрды. Қытай аймақтағы интеграцияға қарсы деп айтуға болмайды. ОА-ғы жинақталған ішкі аймақтық байланыстардың шешілуі Қытайға қолайлы да болып отыр. Бірақ ОА-ның бес Республикасының біреуге қарсы (бірінші кезекте Қытайға қарсы) бірлескен достығы ҚХР мүддесіне сай келмейді. Сондықтан Қытай осы «аймақтық» формат арқылы аймақтағы интеграция үрдісін бақылағысы келеді. Яғни, бірінші кездесудің басты тақырыбы вирустық індеттің салдарымен күрес болды, ал қорытынды бірлескен мәлімдемеде Қытай іскерлік және техникалық қызметкерлердің ыңғайлы қозғалысы үшін «экспресс-дәліз», сондай-ақ бұған мүдделі ОА мемлекеттерімен үздіксіз жеңілдетілген трансшекаралық жүк ағыны үшін «жасыл дәліз» құруға дайын екенін мәлімдеді. Қытай билігі аймақ елдері үшін қарызға қызмет көрсету төлемдерін тоқтата тұру мүмкіндігін қарастыруы мүмкін, бұл туралы қорытынды құжатта да айтылған [23].

Қазіргі әлемде туындап отырған жағдайға байланысты алдағы уақытта әлемдік экономикада көптеген ірі өзгерістер болатыны сөзсіз. ОА елдері осы үрдіске дайындалып, оны стихиялық үрдісті тиімділікке айналдыру қажет. Дағдарыстың алдағы толқындарын қалай шешуге болатындығын түсіну, жаңа

жағдайда өсу мүмкіндіктерін қалай табуға болатындығын білу, Қытай экономикасына көбірек бағдарланудың және аймақтағы қытай бизнесінің көбеюінің ықтимал салдарын есептеу қажет. Аймақтық деңгейде болмаса да, аймақтың әр мемлекеті аясында Қытайдың «Белдеу және жол» бастамасынан пайда табу стратегиясы әзірленуі керек. Қазақстан мен басқа да аталған ОА елдері өзара экономикалық ынтымақтастығын нығайтуы, бірлесе жұмыс атқаруы қажет.

Нәтижесінде, Қазақстанның ОА елдерімен экономикалық ынтымақтастығына Қытайдың екі жақты әсері бар:

Тиімді:

- БББЖ жобасын ұтымды пайдалану арқылы ОА елдері өзара логистикалық жолдарды құру;

- Қытайдан келіп жатқан инвестицияларды тиімді пайдалану;

- Сыртқы күштерге төтеп беру үшін ОА елдері өзара мықты экономикалық ынтымақтастық құру.

Кері:

- Қытай алып мемлекет ретінде шағын елдерді өзіне тартып жатуы: шикізат көзі ретінде пайдалануы;

- Қытайға ОА елдерінің қарыз болуы, алдағы уақытта аталған елдердің экономикасының тәуелділікке әкелуі «үрейі».

Қазақстанның ОА елдерімен экономикалық ынтымақтастығын нығайтуы алып елдерге төтеп беруге мүмкіндік береді. Ол үшін өзара біріккен жобалар, өндіріс орындарын құру және өздерінде орналасқан шикізат көздерін тиімді пайдалану жолдарын жасау және бастысы мықты мемлекеттік саясат қажет.

Мәселелерді айқындау нәтижесінде Қазақстан мен Орталық Азия елдерінің арасындағы сауда-экономикалық қатынастарын нығайту бойынша келесі ұсынымдар ұсынылады:

- Аталған бес елдер арасындағы кедендік кедергілерді алып тастау немесе жеңілдіктер жасау.

- ОА елдерінің нарығына шығатын кәсіпорындарды қолайлы жағдайлармен қамтамасыз ету, тауар тасымалдаудың заңдарын жетілдіру.

- Орта Азиялық экономикалық ынтымақтастығын дамыту жолында мемлекеттік емес ұйымдар мен бизнес-компаниялардың белсенді қатысуын қолдау.

- Коммерциялық алаяқтықтың және заңсыз әрекеттердің барлық түрлерімен күресу үшін өзара әрекеттесу, бірлескен күш-жігер, сауда субъектілерінің басқа тараптың нарығына кіру үшін тиімді және қолайлы қызметтер ұсыну.

- Қазақстанның ОА елдерімен экономикалық ынтымақтастықты дамыту жолында цифрлық технологияларды дамыту және кең қолдану: аймақтың елдерінің арасындағы сауда

ағымдарын жеделдету үшін көлік-логистикалық қызметтерді цифрландыру арқылы «цифрлық жібек жолын» құру. Осы мақсатқа жету жолында Қытайдың инвестициялары мен цифрландыру тәжірибесін тиімді пайдалану.

- Сауда-экономикалық заңдарды жетілдіру, арнайы қорларды құру және несиелік кепілдік беру, «Қорғас» сынды шекаралық сауда орталықтарын құру.

- Қытай сияқты ірі елдерге болашақта тәуелді болмау үшін, өзара экономикалық жобалар жасау. Бұл жолда Қазақстанның ОА-дағы жетекші ел ретінде осындай жобаларға бастамашылық жасауға және оларды жүзеге асыруға мүмкіндігі бар.

Өзара сауданың өсуінің алдағы болашағы аймақтағы өндірістік-өткізу тізбектерін құруға негізделген осы елдердің терең мамандандырылуымен байланысты. Мұндай мамандану аталған тізбектерді құруға, заманауи өндірістік технологияларды, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды (цифрландыру) кеңінен және белсенді пайдалануға, сондай-ақ олардың көмегімен шағын және орта кәсіпкерлікті сыртқы саудаға тартуға қабілетті ірі компанияларды құруды талап етеді. Осының негізінде Қазақстан мен Орталық Азия аймағындағы елдердің экономикасының құрылымын, тиісінше, сауда экспортын әртараптандыруға болады.

Қорытынды

Жаһандану кезеңінде аймақтық экономикалық ынтымақтастық үлкен маңызға ие болды және Қытай Қазақстанның ОА-ның басқа елдерімен: Қырғызстанмен, Тәжікстанмен, Түрікменстанмен және Өзбекстанмен экономикалық қатынастарын қалыптастыруда маңызды рөл атқарады. Белгілі бір реформалар нашар басқару мәселелерін шешу және шекараларды басқаруды жақсарту үшін жүргізіліп жатқанын назарға ала отырып, БББЖ бастамасы шеңберіндегі жобалар Қазақстан мен ОА елдері арасындағы сауда қатынастарын жақсарта алады. Сонымен қатар, энергетикалық секторға инвестициялар мен банктік несиелер елдер арасында салауатты бәсекелестік тудыруы мүмкін және ұзақ мерзімді болашақта өзара өсу есебінен экономикалық байланыстардың нығаюына әкелуі мүмкін. Осылайша, Қытай ОА экономикасындағы, әсіресе, Қазақстан үшін ірі экономикалық ойыншы болып табылатындығымен қатар, бұл Қазақстанның теңізге шыға алмайтын көрші ОА елдерімен стратегиялық экономикалық қатынасына қосымша әсер ететіні анықталды.

Алдағы уақытта, Қытаймен өзара іс-қимыл бүгінгі дағдарысты аз ауыртпалықпен еңсеруге, сондай-ақ ОА аймағының экономикасы үшін жаңа өсу нүктесін ашуға мүмкіндік береді. Алайда, Қытайға қарай бет

бұру мүмкіндігі шығыс көршісіне қатысты нақты және тексерілген саясатты қажет етеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. The World Bank. Data. GDP (current US\$) – China <https://data.worldbank.org/indicator/NY.GDP.MKTP.CD?locations=CN>

2. Chen H., Wu H. The prospects for regional economic integration between China and the five Central Asian countries. *Europe-Asia Studies*, 2004, 7(56). <https://www.jstor.org/stable/4147497?seq=1>

3. Jaborov S. Chinese loans in Central Asia: Development Assistance or “Predatory Lending”? *China’s Belt and Road Initiative and its impact in Central Asia*. 2018

4. Кучук З. Энергетическая политика Китая в Центральной Азии и Казахстане. *Центральная Азия и Кавказ*, 2009, 3 (63). <https://cyberleninka.ru/article/n/energeticheskaya-politika-kitaya-v-tsentralnoy-azii-i-rol-kazahstana>

5. Параманов В., Строков А., Столповский О. Этапы экономической политики Китая в Центральной Азии. *Центральная Азия и Кавказ*. 2010,1. <https://cyberleninka.ru/article/n/etapy-ekonomicheskoy-politiki-kitaya-v-tsentralnoy-azii>

6. Schieck S. Movement on the Silk Road. SWP Research Paper. 2017. https://www.swp-berlin.org/fileadmin/contents/products/research_papers/2017RP12_ses.pdf

7. Simoes A.J.K. & Hidalgo C.A. The Economic complexity observatory: An Analytical tool for Understanding the dynamics of economic development. 2011. https://oec.world/en/visualize/tree_map/hs92/export/chn/all/show/2017/

8. The State Council: The People’s Republic of China, 2015. From initiative to reality: Moments in developing the Belt and Road initiative. http://english.www.gov.cn/policies/infographics/2015/04/23/content_281475094425039.htm

9. Boris Z Rumer. Central Asia at the End of the Transition. eBook: Document View all formats and languages Language: English. Publisher: [Place of publication not identified] : Taylor and Francis Ltd: Routledge. 2016. https://www.worldcat.org/search?q=au%3ARumer%2C+Boris+Z.&qt=hot_author

10. Asian Development Bank Institute. Connecting Central Asia with Economic Centers. 2014. <file:///C:/Users/F550~1/AppData/Local/Temp/adbi-connecting-central-asia-economic-centers-final-report.pdf>

11. OECD Enhancing Competitiveness in Central Asia. 2018. https://www.oecd-ilibrary.org/development/enhancing-competitiveness-in-central-asia_9789264288133-en

12. Закиева Ш.Б. Интеграция в Центральной Азии и Казахстан. Монография. Издательство: Научная книга. - М., 2007. - С.192

13. Кушкумбаев С. Центральная Азия на путях интеграции: геополитика, этничность, безопасность. - Алматы, 2002.

14. Акимбеков С.М. Афганский узел и проблемы безопасности Центральной Азии. - Алматы, 1998. - С. 279.

15. Орталық Азия 25 жылда: ақпараттық-талдамалық шолу. Жалпы ред.: З.К.

Шәукенова. – Астана: ҚР Президенті жанындағы ҚСЗИ, 2017.

16. Изимов Р. Центральная Азия под пристальным вниманием Китая. Обзор желтой книги по Центральной Азии. 15 июня 2020 <https://caa-network.org/archives/19962>

17. International Monetary Fund. GDP, current prices: billions of U.S dollars. 2019. IMF Data Mapper. <https://www.imf.org/external/datamapper/NGDPD@WEO/OEMDC/ADVEC/WEOORLD/CHN>

18. International Monetary Fund. Population: Millions of People. 2019. IMF Data Mapper. <https://www.imf.org/external/datamapper/LP@WEO/OEMDC/ADVEC/WEOORLD>

19. International Monetary Fund <https://data.imf.org/regular.aspx?key=61726507>

20. ҚР Қаржы Мин. мемлекеттік кіріс комитеті // http://kgd.gov.kz/ru/exp_trade_files

21. Бугаенко А. Последствия коронавирусного кризиса для инициативы «Пояс и Путь» в Центральной Азии. 2020. <https://cabar.asia/ru/posledstviya-koronavirusnogo-krizisa-dlya-initsiativy-poyas-i-put-v-tsentralnoj-azii/>

22. Умаров Тимур. На пути к Pax Sinica: что несет Центральной Азии экспансия Китая 25.03.20. <https://carnegie.ru/commentary/81265#:~:text>

23. САА Network. Еще один +С5? 2020// <https://caa-network.org/archives/20237>

References

1. Akimbekov S.M.(1998). Avganskiy uzel i problemy bezopastnosti Tsentral’noy Azii. [Avgansk knot and security problems of Central Asia]. Almaty., p. 279.

2. Boris Z Rumer (2016). Central Asia at the End of the Transition. eBook : Document View all formats and languages Language: English. Publisher: [Place of publication not identified] :Taylor and Francis Ltd: Routledge. https://www.worldcat.org/search?q=au%3ARumer%2C+Boris+Z.&qt=hot_author

3. Bugaenko A.(2020). Vliyaniye krizisa s koronavirusom na initsiativu ``Odin poyas, odin put`` v Tsentral’noy Azii [Impact of the coronavirus crisis on the Belt and Road initiative in Central Asia]. <https://cabar.asia/ru/posledstviya-koronavirusnogo-krizisa-dlya-initsiativy-poyas-i-put-v-tsentralnoj-azii/>

4. САА Network (2020). Yeshche odin +S5? [Another +C5?]. <https://caa-network.org/archives/20237>

5. Chen H., Wu H. (2004). The prospects for regional economic integration between China and the five Central Asian countries. *Europe-Asia Studies*, 7(56). <https://www.jstor.org/stable/4147497?seq=1>

6. Connecting Central Asia with Economic Centers. Asian Development Bank Institute (2014). <file:///C:/Users/F550~1/AppData/Local/Temp/adbi-connecting-central-asia-economic-centers-final-report.pdf>

7. International Monetary Fund, (2019). GDP per capita, current prices: U.S. dollars per capita. <https://www.imf.org/external/datamapper/NGDPDPC@WEO/ITA/KOR/CHN/TJK/TKM>

8. International Monetary Fund (2019). GDP, current prices: billions of U.S dollars. IMF Data Mapper. <https://www.imf.org/external/datamapper/NGDPD@WEO/OEMDC/ADVEC/WEOORLD/CHN>

9. International Monetary Fund. Population (2019): Millions of People..IMF Data Mapper. <https://>

www.imf.org/external/datamapper/LP@WEO/OEMDC/ADVEC/WEOWORLD

10. Izimov R. (2020). Tsentral'naya Aziya pod pristol'nym vnimaniyem Kitaya. Obzor zheltoy knigi po Tsentral'noy Azii. [Central Asia under the close attention of China. Review of the yellow book on Central Asia]. June 15. <https://caa-network.org/archives/19962>

11. Jaborov, S. (2018). Chinese loans in Central Asia: Development Assistance or "Predatory Lending"? China's Belt and Road Initiative and its impact in Central Asia.

12. Kuchuk, Z. (2009). Energeticheskaya politika Kitaya v Centralnoi Azii i rol Kazakhstana. [China's energy policy in Central Asia and Kazakhstan]. Centralnaya Aziya i Kavkaz, 3(63). <https://cyberleninka.ru/article/n/energeticheskaya-politika-kitaya-v-tsentralnoy-azii-i-rol-kazakhstana>

13. Kushkumbaev S. (2002). Tsentral'naya Aziya na puti integratsii: geopolitika, etnichnost', bezopasnost' [Central Asia on the path of integration: geopolitics, ethnicity, security]. Almaty.

14. OECD Enhancing Competitiveness in Central Asia (2018) // https://www.oecd-ilibrary.org/development/enhancing-competitiveness-in-central-asia_9789264288133-en

15. Ortalyk, Aziya 25 zhylda: ak parattyk, -taldamalyk, sholu [Central Asia for 25 years: information and analytical review]. General ed.: Z. K. Shaukenova. - Astana: KISI under the President of the Republic of Kazakhstan, 2017.

16. Paramanov, V., Stokov, A., & Stolpovskiy, O. (2010) Etapy ekonomicheskoy politiki Kitaya v Centralnoi Azii. [Stages of China's economic policy in Central Asia]. Centralnaya Aziya i Kavkaz-1. <https://cyberleninka.ru/article/n/etapy-ekonomicheskoy-politiki-kitaya-v-tsentralnoy-azii>

17. QR Qarjı Min. memleketlik kiris komiteti [Finance Min. State Revenue Committee]. http://kgd.gov.kz/ru/exp_trade_files

18. Roman Mogilevskii. (2012). Trends and Patterns in Foreign Trade of Central Asian Countries. Institute of public policy and administration. Bishkek, p. 60 file:///C:/Users/F550~1/AppData/Local/Temp/IPPA-WP1_Trends_PatternsForeignTradeCA-En.pdf

19. Schieck, S. (2017). Movement on the Silk Road. SWP Research Paper. https://www.swp-berlin.org/fileadmin/contents/products/research_papers/2017RP12_ses.pdf

20. Simoes, A.J.K., Hidalgo C.A. (2011). The Economic complexity observatory: An Analytical tool for Understanding the dynamics of economic development. https://oec.world/en/visualize/tree_map/hs92/export/chn/all/show/2017/

21. The State Council: The People's Republic of China. From initiative to reality: Moments in developing the Belt and Road initiative. 2015. http://english.www.gov.cn/policies/infographics/2015/04/23/content_281475094425039.htm

22. Umarov Timur (2020). Na puti k Pax Sinica: chto neset Tsentral'noy Azii ekspansiya Kitaya [Towards Pax Sinica: What is China's Expansion Bringing to Central Asia] 25.03.20. <https://carnegie.ru/commentary/81265#:~:text=>

23. Zakieva Sh.B. Integratsiya v Tsentral'noy Azii i Kazakhstan. [Integration in Central Asia and Kazakhstan]. Monograph Publishing House: Scientific book: M., 2007 P.192

Сведения об авторах

Медуханова Л.А. – э.ғ.к., доцент, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ., e-mail: medukhanova.l@gmail.com, ORCID iD: <https://orcid.org/0000-0001-9073-3053>

Сериева Ж.А. – хат-хабаршы авторы, PhD-докторанты, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ., e-mail: name.zhanar@mail.ru, ORCID iD: <https://orcid.org/0000-0003-1582-2587>

Information about the authors

Medukhanova Lazipa Alikhanovna - Academic degree: candidate of economic sciences Al-Farabi Kazakh national University, 71 al-Farabi Ave., Almaty, 050040, Ka-zakhstan. Acting associate Professor, Department of International relations and world economy, faculty of international relations. ORCID: <https://orcid.org/0000-0001-9073-3053>. e-mail: medukhanova.l@gmail.com. phone: 8 701 7586230

Serieva Zhanar Alimkhanovna - PhD Student Al-Farabi Kazakh national University, 71 al-Farabi Ave., Almaty, 050040, Ka-zakhstan. Faculty of international relations, Department of international relations and world economy. ORCID: <https://orcid.org/0000-0003-1582-2587>. email: name.zhanar@mail.ru. phone: 8 702 5880623

Дата поступления рукописи: 02.10.2020.

Прошла рецензирование: 20.10.2020.

Принято решение о публикации: 01.11.2020.

Received: 02.10.2020.

Reviewed: 20.10.2020.

Accepted: 01.11.2020.

Қарастыруға қабылданды: 02.10.2020.

Рецензиялауды өтті: 20.10.2020.

Жариялауға қабылданды: 01.11.2020.